

## Рухани жаңғыруға жастардың қосар үлесі



*Таласпаева Жанар Серкешовна,  
Қалалық мәслихат депутаты, ф.ғ.к.,  
М. Қозыбаев атындағы  
Солтүстік Қазақстан  
мемлекеттік университетінің  
академиялық сұрақтар  
жөніндегі проректордың м.а.*

Елбасының 2017 жылдың 12 сәуірінде жариялаған «Рухани жаңғыру – болашаққа бағдар» бағдарламасының жүзеге асырылғанына биыл үш жыл болды. Сырт қарағанда өте аз уақытта елімізде ауқымды жұмыстар, іргелі ғылыми зерттеулер, жарқ еткен жаңалықтар болды.

Туған жерге, оның мәдениетіне, салт-дәстүріне деген сүйіспеншілікке бағытталған құжаттың маңызын барша жерлестеріміз жүректерінен өткізіп, саналарына сіңірді.

Қазіргі таңда сапалы білім жүйесін, жоғары білікті кәсіби кадрларды бағалайтын заман туды. Дұрыс-ақ. Сол себептен де мемлекеттік маңызды құжатты – ең алдымен бәсекеге қабілетті, тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеуге бағытталған бағдарлама деп қабылдаймыз.

Бүгінгі Қазақстанды құрып жатқан адамдар – ол біздің замандастар, көбінесе жастар. Сондықтан қоғамдық сананы жаңғыртуды қоғамдық және гуманитарлық білімдер негізінде жүзеге асыруға болатындығы ақиқат.

Рухани жаңғыру - бұл дерексіз теория емес, бұл нақты өмір. Бұл қазақстандықтардың жаңа прогрессивті, озық, креативті буынын қалыптастыруға бағытталған нақты және прагматикалық бағдарлама.

Жыл сайын жастарымыз бәсекеге қабілетті болуға тырысу керек. Екіншіден, қазіргі заманғы қазақстандыққа прагматизм мен реализм сияқты қасиеттер қажет. Үшіншіден, біздің жастарымыз ұлттық бірегейлікті нығайтуға міндетті. Төртіншіден, жастар үшін білім, білім алу культі аса маңызды.

Әлем тілдерін біліп және оны пайдалана білсе, жаңа технологияларға сәйкес өзгерістерге дайын болса және осы қасиеттерді саналы түрде қабылдай алса, жастарымызды шын мәнінде бәсекеге қабілетті болады деп түсінеміз.

Жастардың осындай дәрежеге жетулері үшін барлық жоғары оқу орындарында, оның ішінде М.Қозыбаев атындағы СҚМУ-да, бастапқы кезеңде барлық мамандықта оқитын студенттері арасында ақпараттық-таныстыру және түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Атап айтқанда, мақаланың мазмұны мен міндеттерін ашатын актілік және ағымды лекциялар, практикалық сабақтар (семинарлар) жүргізілді. Екіншіден, қоғамдық білімді жаңғырту сананы жаңғыртудың маңызды бөлігі ретінде ғылыми-

практикалық конференцияларда және дөңгелек үстелдерде талқыланды. Үшіншіден, гуманитарлық пәндер мен өлкетану бойынша кітаптар, оқулықтар, оқу және әдістемелік құралдар әзірленіп, басылып шығарылды. Өлкетану бағыты бойынша жаңартылған элективті курстар даярланды. Төртіншіден, студенттерді ғылыми жұмыстарға қатыстыруға бағытталды, яғни студенттер туған өлкесін, оның табиғатын, өз қаласын, ауылын, ауданын зерттеуге зер салды. Алдағы уақытта атқаратын жұмыстар аз емес. Осы бағытта студенттерді өз өңірінің ең үздік адамдары, Қазақстанның жаңа тұлғалары туралы ақпарат жинауға ынталандыру қажет, сондай-ақ жергілікті тарихи-мәдени көрікті жерлерге экспедициялар ұйымдастыруды жандандыра түссе нұр үстіне нұр болары сөзсіз.

Қоғамға пайдасын тигізуге, айналасына қамқорлығын көрсетуге ұмтылып тұратын жастардың қатары қалыңдаса, сананың шын мәнінде жаңғырғаны деп білеміз.

Туған елінің жетістігіне мақтанып, туған тілінің қадірін түсіне білетін, рухы мықты, намысы зор, адал, білімді де еңбекқор жастарымыз көбейе түссе екен деген жүрекжарды тілегіміз бар.